

Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау облыстық қан орталығы» ШЖҚ КМК-ның 2024 жылдың 13 тамыз – 11 қыркүйек аралығындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерді бойынша ішкі талдау жүргізу қортындысы бойынша талдамалық анықтамасы

Атырау қаласы

12 қыркүйек 2024 жыл

Ішкі талдау жүргізу үшін негіздеме:

1. Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы бұйрығы»;
2. ҚР «Конституциясы»;
3. ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Заңы;
4. ҚР «Еңбек Кодексі»
5. 2015 жылғы 18 қарашадағы ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы;
6. ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңы
7. ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылдың 04 желтоқсандағы №434-V Заңы;
8. ҚР «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңы;

Ішкі талдау нысанасы қызметінің талдау мерзімі: 2024 жылдың 13 тамыз – 11 қыркүйек аралығы.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген жемқорлық тәуекелдерге ішкі талдау жүргізудің Үлгілік ережелеріне сәйкес, «Атырау облыстық қан орталығы» ШЖҚ КМК -нің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

Талдау жүргізу үшін 2024 жылғы 06 тамыздағы №134 ж/к бұйрықпен келесі құрамда жұмыс тобы құрылды:

Жұмыс тобының жетекшісі: –мекеме директорының медицина жөніндегі орынбасары С.Г Жолдыбаев;

Жұмыс тобының мүшелері:

- 1) Кәсіподақ меңгерушісі –Г.А Амандосова
- 2) Персоналды басқару маманы – А.А Арыстанбаева;
- 3) Материалдық есепші – С.С Аймуханова;
- 4) Бас мейірбике - Т.Ж Губайдуллина;
- 5) хатшы, заңгер-комплаенс офицер- М.У Шаймарданова

1. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- 1) «Атырау облыстық қан орталығы» ШЖҚ КМК-нің қызметіне әсер ететін қолданыстағы құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) «Атырау облыстық қан орталығы» ШЖҚ КМК -нің ұйымдастыру – басқару қызметінен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерді анықтау. «Мүдделер қақтығысы»

және ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер бойынша.

- 3) «Мемлекеттік сатып алу» бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 4) Азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштері бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

1. «Атырау облыстық қан орталығы» ШЖҚ КМК -нің қызметін реттейтін заңнамада сыбайлас жемқорлық тәуекелдерді анықтау» бағыты бойынша.

-Кәсіпорынның құрылымдық бөлімдерінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

-Кәсіпорынның құрылымдық бөлімдерінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талданатын объект туралы мәліметтер:

Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау облыстық қан орталығы» ШЖҚ КМК-ның емдеу сауықтыру мекемелеріне сапалы қан өнімдерін дайындайды. 2024 жылдың 1 жартыжылдығында қан компоненттеріне 5865 доза жасалды, соның ішінде: эритроцит содержащие компоненты орындалғаны 3407 доза, свежемороженая плазма лейкофильтрованная карантинизированная орындалғаны 3428 доза, криопреципитат - орындалғаны 608 доза, тромбоциты аферезные вирусинактивированные орындалғаны - 405 доза.

Кәсіпорын өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Заңдарын, Президенті мен Үкіметінің нормативтік құқықтық актілерді, Кәсіпорынның Жарғысын басшылыққа алады. Жарғыға сәйкес, кәсіпорын қызметінің мәні қан қызметі мәселелері бойынша денсаулық сақтау мекемелеріне әдістемелік, консультациялық және практикалық көмек көрсету болып табылады.

Көрсетілген мақсатқа қол жеткізу үшін Кәсіпорын төмендегідей қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- донорлық кадрларды жоспарлау және есепке алу;
- денсаулық сақтау органдарымен, қоғамдық ұйымдармен және қорлармен бірлесіп халық арасында донорлықты насихаттау және үгіттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу;
- қан дайындау жөніндегі жұмысты жетілдіру, қанның жаңа компоненттері мен препараттарының насихаттау және денсаулық сақтау мекемелерінің практикасына енгізу;
- медициналық ұйымдарды қан компоненттерімен және препараттарымен, иммуногематологиялық тестілеу үшін диагностикалық реагенттерімен қамтамасыз ету, оларды тасымалдау, сақтау және пайдалану ережелерін бақылау;
- Қан орталығы қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету;
- кәсіпорын жүзеге асыратын қан компоненттерін бақылауды жүзеге асыру;

- инфекцияларға (В және С гепатиттері, АИТВ, мерез) зертханалық тестілеуді жүзеге асыру, имуннологиялық, гематологиялық, биохимиялық, имунногематологиялық және бактериологиялық зерттеулер жүргізу;

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында Кәсіпорынның Жарғысы, Кәсіпорын мен оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін реттейтін құқықтық актілер іріктеліп талданды.

Кәсіпорынның заңгері тұрақты негізде орталықтың және оның құрылымдық бөлімшелерінің жұмысында басшылыққа алынатын нормативтік-құқықтық актілерді өзектендіруді жүргізеді.

Нормативтік құқықтық актілерді жұмыста уақытылы және тиісінше қолдану мақсатында жаңадан шығарылған, өзгертілген және күші жойылған актілер туралы ақпарат орталықтың қызметкерлерінің назарына жеткізіледі.

Кәсіпорынның қызметін қозғайтын нормаларды, жоғарыда көрсетілген нормативтік құжаттарды талдау сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын нормалар анықталған жоқ. Аталған актілерге енгізуді, өзгерістермен толықтыруларды талап ететін қайшылықтар жоқ.

2. Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасы «Атырау облыстық қан орталығы» ШЖҚ КМК ұйымдастыру басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2024 жылғы 03 қаңтардағы жағдай бойынша штат саны 115,0 бірлікті құрайды. Оның ішінде дәрігерлік құрам 19,0, орта медициналық персонал 53,0, кіші буын персоналы 17,0, өзгеде персонал-16,0, әкімшілік-шаруашылық персоналы-10,0 бірлік. 2024 жылдың бірінші жартыжылдығы кезеңде 2 қызметкер жұмысқа қабылданды, 2 қызметкер өз еркімен жұмыстан босатылды. Көрсетілген кезеңде теріс себептер бойынша босатылғандар анықталған жоқ.

Ішкі талдаумен қамтылған қызметкерлер атқаратын лауазымына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді. Қызметкерлер белгіленген мерзімде кадрларды міндетті қайта даярлаудан және біліктілігі арттырудан өтеді. 2024 жылдың 1 жартыжылдығында 3 ескерту, 1 сөгіс түрінде 4 тәртіптік жаза шығарылды.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, қылмыстық әрекеттер жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау фактілері, қызметкерлер арасындағы жанжал фактілері тіркелмеген. Талданып отырған кезеңде кәсіпорын қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін тарту фактілері жоқ.

Кәсіпорынның бос лауазымдарына орналасуға үміткерлерді іздестіру интернет-ресурста орналастыру арқылы жүзеге асырылады www.enbek.kz.

«Мүдделер қақтығысы» және ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талданып отырған кезеңде даулы жағдалайлар фактісі тіркелген жоқ. «Мүдделер қақтығысының және бөлімшелердің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер» пайда болу қауіпі жақын туыстардың жұмысы жағдайында болу фактісі анықталмаған, бұл жеке мүдделер мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылықтарға әкелуі мүмкін. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша мүдделер қақтығысы, жақын туыстары атқаратын лауазымға тікелей бағынысты бос лауазымдарға орналасу кезінде аффирлену фактілері анықталған жоқ.

Қызметкерлердің жеке істерін тексеру кезінде жақын туыстары, жұбайлары атқаратын лауазымға тікелей бағынысты мемлекеттік лауазымға орналасу фактілері анықталған жоқ. Кәсіпорынның қызметкерлері ішкі құқықтық құжаттармен (нұсқаулықтармен, ережелермен және т.б) таныстырылған.

3. «Мемлекеттік сатып алу» бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

Мемлекеттік сатып алу бекітілген жоспарға сәйкес веб портал арқылы бәсекелестік тәсілдерімен жүргізіледі. Мемлекеттік сатып алу жоспарында көрсетілетін «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес жүзеге асыру тәсілін таңдау. Өткізілген және өткізілетін мемлекеттік сатып алу туралы барлық ақпарат мемлекеттік сатып алу веб-порталында қолжетімді және ашық. Мемлекеттік сатып алуды өткізу мерзімдері сақталады, тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету үшін көзделген мерзімдер «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының талаптарына сәйкес келеді. Медициналық бұйымдар мен дәрілік заттар бәсекелестік тәсілдермен сатып алынады.

ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес 2024 жылдың 03 қаңтарынан бастап 2024 жылдың 01 қыркүйегіне дейін 126 келісім шарт жасалды.

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен-80 шарт;

Өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден-36 шарт;

Бір көзден тікелей шарт жасасу жолымен -10 шарт;

Барлық шарттар заңнамада белгіленген мерзімде жасалды, шарттардың орындалуы мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шарттарда жазылған мерзімдерге сәйкес қатаң бақыланады.

Жарғыға сәйкес, кәсіпорынның қызметі даму жоспарына сәйкес өз табысы есебінен және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық қызметтерді сатып алу шарты бойынша қаржыландырылады.

Орталықта ұйымдық-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және нормативті-құқықтық актілерді қолдану барысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлар анықталмаған.

Орталықта нормативтік-құқықтық актілер уақытылы жаңартылады және орталықтың сайтында өзектендіріледі, және өзгерістер енгізу туралы мәліметтер қызметкерлердің назарына жеткізіледі. Қан орталығының әлеуметтік желілерінде «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы, ҚР 2021-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты орналастырылған. Орталықта қауіпсіздік деңгейін көтеру және оның ішінде тәртіп, құқық

бұзушылықтың алдын алу мақсатында қауіпсіздік қызметін құру және қан орталығы бойынша бейнебақылау камералары орнатылған.

Мемлекеттік сатып алу саласында заңды тұлғалармен уақытылы келісім шарт жасалып, шарттарды уақытылы орындамаған әлеуетті өнім берушілерді іс материалдары сотқа мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы ретінде тану туралы азаматтық тәртіппен талап арыздар уақытылы берілуде. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Есеп бөлімінде қызметкерлердің еңбек ақылары уақытылы төленуде. Өнім берушілердің жеткізілген тауарларға, медициналық бұйымдарға, көрсетілген қызметтер үшін жіберілген есеп шот қағаздары, акттер негізінде уақытылы төленуде.

4. Азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштері бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне байланысты:

2024 жылдың 1 жартыжылдығында жеке тұлғадан 3 арыз және 4 арыз заңды тұлғадан келіп түскен, бірақ тиісті мекемелерге жауаптары уақытылы жолданды.

Қазіргі таңда кез келген өтініш, шағымдар, ұсыныстар мемлекеттік E-otinish порталы арқылы қабылданады және уақытында қаралып, сұраққа, өтінішке қатысты жауапты маманмен қаралады.

Мемлекеттік Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында талданып отырған кезеңде азаматармен заңды тұлғалардың өтініштерін қарау процесін бұзу фактілері анықталған жоқ. Арыз өтініштерге уақытылы жауаптар беріледі.

Қортындылар және ұсыныстар:

1) Ішкі талдау нәтижелері бойынша кәсіпорынның сыбайлас жемқорлық талдауын жүргізу жөніндегі жұмыс тобының мүшелері қабылданатын ішкі актілерге оларды іске асыру кезінде ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне тұрақты талдау жүргізуді.

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін арттыру сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын сақтау жөніндегі жұмысты жүргізуді үнемі.

3) Қызметкерлермен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын сақтау бойынша профилактикалық жұмыс жүргізу үнемі.

4) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымды тұлғалардың тізімін әзірлеу.

5) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын түсіндіру бойынша құқықтық жалпы оқытуларды жүргізуді ұйымдастыру.

6) Жеке және заңды тұлғалардың «Атырау облыстық қан орталығы» ШЖҚ КМК -нің қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау мәселелері жөнінде өтініштерін бақылау және келіп түскен арыздар бойынша уақытылы шешім қабылдау, сыбайлас жемқорлықтың көріністері мен байланысты азаматтардың арыздарын қарауды қамтамасыз ету.

7) Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактілерін жол бермеу бойынша жүргізілетін жұмыстың тиімділігін арттыру, сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша шаралар күшейту мақсатында 2024 жылы тұрақты негізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және «Атырау облыстық қан орталығы» ШЖҚ КМК -нің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді жалғастыру.

Жұмыс тобының жетекшісі:



С.Г Жолдыбаев

Жұмыс тобының мүшелері:




Г.А Амандосова

А.А Арыстанбаева

С.С Аймуханова

Т.Губайдуллина

Комплаенс офицер:



М.Шаймарданова